

Мектепке дейінгі білім беру үйымдары тәрбиеленушілерінің жекелеген санаттарын тегін тамақтандыруды үйымдастыру туралы

Күшін жойған

Маңғыстау ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 21 мамырдағы № 141 қаулысы. Маңғыстау облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 19 маусымда № 2451 болып тіркелді. Күші жойылды-Маңғыстау облысы Маңғыстау ауданы әкімдігінің 2019 жылғы 7 ақпандағы № 28 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Маңғыстау облысы Маңғыстау ауданы әкімдігінің 07.02.2019 № 28 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

РҚАО - ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде тұпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қантардағы № 148 Заңына, "Білім туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңының 6-бабы 4-тармағының 14) тармақшасына, 8-бабының 4-тармағына, "Әлеуметтік көмек көрсетілетін азаматтарға әлеуметтік көмектің мөлшерін, көздерін, түрлерін және оны беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 12 наурыздағы № 320 қаулысына сәйкес Маңғыстау ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Мектепке дейінгі білім беру үйымдарында тәрбиеленушілердің мынадай санаттарына тегін тамақтандыру үйымдастырылсын:

- 1) жетім балаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға;
- 2) даму мүмкіндіктері шектеулі балаларға, мүгедек балаларға;
- 3) көп балалы отбасылардың балаларына;

4) мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасылардан, сондай-ақ мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын, жан басына шаққандағы орташа табысы ең төменгі құнкөріс деңгейінің шамасынан төмен отбасылардан шыққан балаларға;

2. Мектепке дейінгі білім беру үйымдары тәрбиеленушілеріне мынадай растайтын құжаттар ұсынылған кезде тегін тамақтандыру үйымдастырылады:

- 1) ата-анасының немесе оларды алмастыратын тұлғалардың еркін нысандағы жазбаша өтініші;

2) жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, отбасыларда тәрбиеленетін балалар үшін қамқорлықты (қорғаншылықты), патронаттық тәрбиені бекіту туралы анықтаманың көшірмесі;

3) мұгедек балаларға мұгедектігі туралы анықтама немесе даму мүмкіндіктері шектеулі балалар үшін психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияның медициналық қорытындысының көшірмесі;

4) көп балалы отбасылардың балалары үшін түу туралы қуәлігінің көшірмесі;

5) мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасылардан шыққан балалар үшін өтініш берушінің (отбасының) "Маңғыстау ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі ұсынатын мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмекті алушыларға жататынын растайтын анықтама;

6) мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын, жан басына шаққандағы орташа табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен отбасылардан шыққан балалар үшін алынған табысы туралы анықтама (жұмыс істейтін ата-аналарының немесе оларды алмастыратын тұлғалардың жалақысы, кәсіпкерлік қызметтен және басқа қызмет түрлерінен түсетін кірісі, балаларға және басқа да асыраудағыларға арналған алимент түріндегі кірістер).

Атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасылардан, сондай-ақ мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмекті алмайтын, жан басына шаққандағы орташа табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен отбасылардан шыққан балалар үшін мемлекеттік мектепке дейінгі білім беру үйымдарында тәрбиелену және оқу кезеңінде тегін тамақтану құқығы жыл сайын осы қаулының 2-тармағының 5) және 6) тармақшаларына сәйкес құжаттарды мемлекеттік мектепке дейінгі білім беру үйымдарына ұсыну арқылы расталуы тиіс.

3. "Маңғыстау аудандық білім бөлімі" мемлекеттік мекемесі осы қаулының әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін, бұқаралық ақпарат құралдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялануын, уәкілетті мемлекеттік органның интернет ресурсына орналастырылуын қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулы 2013 жылдың 4 желтоқсанынан бастап пайда болған құқықтық қатынастарға тарайды.

5. Қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Е.Х.Махмутовқа жүктелсін.

6. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ол алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он құн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімінің

міндеттін атқарушы

А. Сарбалаев

КЕЛІСІЛДІ:

"Маңғыстау аудандық білім

бөлімі" ММ басшысы

С.Калиева

21 мая 2014 ж.

"Маңғыстау аудандық экономика

және қаржы бөлімі" ММ басшысы

Р.Шабикова

21 мая 2014 ж.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШІЖҚ РМК